"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1121 07.03.2018

**«Газовое Хозяйство
Шымкентгаз» ЖШС-нің
директоры
Ж.Момбаевқа**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – Департамент)* тарапынан "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" " мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* өткізілген №2123187-1 «ОҚО, Түркістан қаласы, Үшқайық ауылдық округі, Теке, С. Қожанов, Нұртас, Жалаңтөс елді мекендерін газбен қамтамасыз ету құрылысы» мемлекеттік ашық конкурсына Заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Сіздің, Департаментке 03.03.2018 жылы №ЗТ-М-303 тіркелген 03.03.2018 жылғы №030 өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз ішінара дәлелденді.

Камералдық бақылау барысында осы конкурс бойынша Сіздің, конкурстық өтініміңіздегі ұсынылған 1 пайыздық банктік кепілдік конкурстық құжаттамадағы талаптарына сәйкес толтырылмағаны анықталды. Атап айтқанда, банктік кепілдік конкурстық құжаттаманың 8 қосымшасына сай толтырылмаған, яғни Заңның 26 бабына сәйкес келісім шартты қамтамасыз ету сомасын енгізетіні жайлы шарттар көрсетілмеген, сонымен банк кепілдікті беру шарттары толық көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 144 тармағының 2 тармақшасында конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуін берген тұлғаны;

оған қатысу үшін банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурстың нөмірін және атауын;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын, **оны беру шарты делінген**.

Осыған орай, конкурстық комиссия тарапынан Серіктестікті конкурстан шеттету шешімі Заңнама талаптарына қайшы келмейді.

Сонымен қатар, қорытынды хаттамада Сіздің конкурсқа өтінген баға ұсынысыңыз бойынша ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік

сатып алу туралы» Заңының 26-бабына сай демпингтік бағадан төмен екендігі анықталды.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын: Е.Садуакасов
тел 35-00-35 (ішкі: 116, 117)